

«Цифрландыру жағдайындағы білім алушылардың физикалық мәдениетін қалыптастыру» дене шынықтыру педагогтері секциясына ұсынымдар

Білім алушылардың дене тәрбиесі жүйесіндегі жаңа тәсілдерді ескере отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін барлық ресурстарды барынша пайдалану ретінде білім беру саясатының тиімділігін түсіну негізінде секция қатысушылары ұсынады:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне:

1) 10-11 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасына:

- дене шынықтыру-сауықтыру әдістері және диетология негіздері бойынша тақырыптар;

- емдік гимнастиканы практикалық игеру бойынша бөлім енгізілсін;

2) қамтамасыз етілсін:

- «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеу (*әдістемелік материалдар, оның ішінде цифрлық форматта әзірлеу*);

- республикалық спорттық бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жарыстарын жүйелі өткізу;

- дене шынықтыру педагогтерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру бойынша біліктілігін арттыру.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының басшыларына:

1) стратегиялық бағыт ретінде **анықталсын:**

- *физикалық денсаулық мәдениетін қалыптастыру мүддесінде бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру ұйымдарының және қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру;*

- *балалардың дене шынықтыру дайындығы саласындағы барлық мүдделі құрылымдармен әріптестік қатынастарды нығайту;*

2) **қамтамасыз етілсін:**

педагогтерді республикалық біліктілікті арттыру курстарына **жіберу;**
спорттық бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының күнтізбелік іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде республикалық іс-шаралардың өңірлік (*мектеп, аудандық, қалалық, облыстық*) кезеңдерін **өткізу;**

3) салауатты өмір салтын насихаттау және оларды балалар мен жасөспірімдер спортына жаппай тарту мақсатында мектеп оқушылары арасында ақпараттық-насихаттау және түсіндіру жұмыстарын *жандандыру*;

4) белгілі спортшыларды, олимпиадалық қозғалыс жеңімпаздарын, қоғам қайраткерлерін вебинарлар, тренингтер өткізу үшін спикерлер ретінде тарту (*алдын ала келісім бойынша*);

Білім беру ұйымдарына:

1) қамтамасыз етілсін:

білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды аудандық, қалалық, облыстық және республикалық спорттық іс-шараларға қатысуға даярлау;

цифрлық технологияларды (*белсенді компьютерлік ойындар (exergaming), фитнесің жаңа түрлерін, флорбол, фризби, роликті коньки, скейтбординг, чирлидинг, шытырман оқиғалар (adventure education) арқылы оқыту, мектеп маңындағы құрылымданбаған ойындар және т. б.*) пайдалана отырып, балалар мен жасөспірімдер үшін жаңа, тартымды қозғалыс белсенділігінің түрлерін қолдану.

2) білім алушылардың дене тәрбиесі мәселелері бойынша жоғары технологиялар апталығын, экскурсиялар, мастер-класстар және т. б. **ұйымдастыру және өткізу**;

3) балаларды күні бойы құрылымдық және құрылымданбаған физикалық белсенділікті қолдауға тарту (*белсенді өзгерістер, динамикалық үзілістер, сабақтар кезінде және одан кейін құрылымданбаған ойындар*);

4) көмектесу:

заманауи цифрлық технологияларды (*әртүрлі акселерометрлер, жүрек соғу жиілігін бақылау құралдары, фитнес-трекерлер, смарт білезіктер, смартфон қосымшалары, компьютерлік бағдарламалар*) пайдалана отырып, сабақта және сабақтан тыс уақытта тәрбиеленушілер мен білім алушылардың денсаулығы мен физикалық жай-күйіне мониторинг жүргізу;

ақпараттық ашықтықты арттыру;

республикалық спорттық іс-шаралардың өңірлік (*мектеп, аудандық, қалалық, облыстық*) кезеңдерін **өткізу**;

5) жұмыста цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану үшін дене шынықтыру педагогтеріне жағдай жасау;

6) жұмысты жандандыру:

басқа өңірлердің үздік ұйымдарымен және әдістемелік қызметтерімен **қашықтықтан тәжірибе алмасу** бойынша;

әлеуметтік желілерде білім алушылардың спорттық жетістіктерін **дәріптеу** (тұрақты) бойынша;

7) білім алушылар мен ата аналардың қажеттіліктерін зерделеу процесінде дене тәрбиесіндегі жаңа тәсілдерге және отбасы мен қоғамның сұраныстарына сәйкес өз қызметін **өзектендірсін**;

8) педагогтердің немесе ұйымдардың республикалық деңгейдегі тәжірибесін жинақтау үшін ұсыныстар **берілсін** (*мерзімі: 20 қыркүйек 2024 ж.*).